

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 21 қарашадағы № 97 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қарашада № 30799 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

5. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) Тізбенің 3-тармағының жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші және отыз екінші абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"16. Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы/ай сайынғы қаржылық есептілікті:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;"

2) Тізбенің 3-тармағының жетпіс сегізінші және жетпіс тоғызыншы абзацтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"9-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;"

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрғасы

Г. Пирматов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрғасы
2022 жылғы 21 қарашадағы
№ 97 Қаулыға
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдарды және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның (бұдан әрі – ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық мәнде ағымдағы көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін топтастыру және бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық мәнде ағымдағы көрсетуге арналған.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шоттар жоспарының 2-тарауының 1 - 5 аралығындағы параграфтарында көзделген шоттар ұйымның бухгалтерлік балансында көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 6 және 7-параграфтарында көзделген шоттар ұйымның пайда және зиян туралы есебінде көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 8-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және ұйымның шартты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 9-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және меморандум шоттары болып табылады.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 10-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерін есепке алуға арналған.

1140 06, 1140 07, 1140 08, 1140 09, 1140 10, 1290 27, 2030 06, 2030 07, 2030 08, 2030 09, 2030 10, 5440 01, 5470 01, 6150 05, 6240 26, 7440 04, 7470 11-шоттар шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа сәйкес қаржылық есептілікті жасайтын ұйымдардың операцияларын есепке алуға арналған.";

2-тарауда:

1-параграфта:

1140 05-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1140 06, 1140 07, 1140 08, 1140 09 және 1140 10-шоттармен толықтырылсын:

"1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету";

1290 26-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1290 27-шотпен толықтырылсын:

"1290 27	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)";
----------	---

2-тарауда:

2-параграфта:

2030 05-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2030 06, 2030 07, 2030 08, 2030 09 және 2030 10-шоттармен толықтырылсын:

"2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету";

2-тарауда:

5-параграфта:

5440-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5440 01-шотпен толықтырылсын:

"5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв";
----------	--

5470-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5470 01-шотпен толықтырылсын:

"5470 01	Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв";
----------	--

2-тарауда:

6-параграфта:

6150 04-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6150 05-шотпен толықтырылсын:

"6150 05	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша кіріс";
----------	---

6240 25-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6240 26-шотпен толықтырылсын:

"6240 26

Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс";

2-тарауда:

7-параграфта:

7440 03-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7440 04-шотпен толықтырылсын:

"7440 04

Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс";

7470 10-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7470 11-шотпен толықтырылсын:

"7470 11

Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша шығыс";

3-тарауда:

1-параграфта:

1140 05-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1140 06, 1140 07, 1140 08, 1140 09 және 1140 10-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1140 06 "Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

1140 07 "Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт" (контракт).

Мақсаты: сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып түсу сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып түсу сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

1140 08 "Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы" (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып түсу сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып түсу сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

1140 09 "Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

1140 10 "Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету" (контракттив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1290 26-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1290 27-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1290 27 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша шығындарды өтеуге арналған резервтер (провизиялар) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша шығындарды өтеуге құрылған резервтер (провизиялар) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтер (провизиялар) жойылған кезде немесе сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын есептен шығару кезінде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.";

2030 05-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2030 06, 2030 07, 2030 08, 2030 09 және 2030 10-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2030 06 "Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді қаржы активтерін сату, қаржы активтерінің басқа санатына ауыстыру, сондай-ақ төлемнің мерзімін өткізіп алу кезінде олардың номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

2030 07 "Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт" (контракттив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып түсу сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып түсу сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

2030 08 "Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы" (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып түсу сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып түсу сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірісті тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

2030 09 "Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету" (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

2030 10 "Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету" (контракттив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

5440-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5440 01-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5440 01 "Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын қайта бағалау резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып шығарылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына ауыстырылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып ауыстырылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомалары жазылады.";

5470-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5470 01-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5470 01 "Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв" (пассив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қарыздардың құнын қайта бағалау резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қарыздардың құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып

шығарылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына ауыстырылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қарыздардың құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ тиісті баланстық шоттармен байланыстырыла отырып ауыстырылған немесе қаржы активтерінің басқа санатына шығарылған, олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомалары жазылады.";

6150 04-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6150 05-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"6150 05 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша кіріс".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтерін шығарған және (немесе) қайта сыныптаған кезде кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерін шығарған және (немесе) қайта сыныптаған кезде кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6240 25-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6240 26-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"6240 26 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған, қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7440 03-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 04-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7440 04 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7470 10-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7470 11-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7470 11 "Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша шығыс".

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржы активтерін шығарған және (немесе) қайта сыныптаған кезде шығыс сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерін шығарған және (немесе) қайта сыныптаған кезде шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады."

2. "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдарды және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның (бұдан әрі - ұйым) меншікті ақшаны салымдарға, қарыздарға, бағалы қағаздарға, туынды қаржы құралдарына, аффинирленген бағалы металдарға, шетел валютасына орналастыру операцияларының, хеджирлеу операцияларының, сондай-ақ РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасымен көрсетілген басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздарды қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету.";

65-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 65-1-тармақпен толықтырылсын:

"65-1. Шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандартқа сәйкес "сату үшін қолда бар" санатына жатқызылған берілген қарыздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

қарыздың әділ құны оның есептік құнынан асып кеткен жағдайда, асып кетудің айырма сомасына:

Дт	1110 25	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
	2010 24	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
Кт	5470 01	Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв;

қарыздың есептік құны оның әділ құнынан асып кеткен жағдайда, азайтудың айырма сомасына:

Дт	5470 01	Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1110 26	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
	2010 25	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету;

қарыздардың әділ құнының есептегі оң (теріс) түзету сомасына:

Дт	1110 26	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
	2010 25	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
Кт	1110 25	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
	2010 24	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету.";

мынадай мазмұндағы 77-1-тармақпен толықтырылсын:

"77-1. Шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандартқа сәйкес сату үшін қолда бар қарыздардың құнсыздануынан болған шығындарды жабуға резервтер (провизиялар) құру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7440 21	Берілген қарыздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс
Кт	1290 21	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша резервтер (провизиялар)";

қарыздардың құнсыздануынан болған шығындарды жабуға қалыптастырылған резервтерді (провизияларды) түзеткен кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1290 21	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша резервтер (провизиялар)
Кт	6240 21	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс."

мынадай мазмұндағы 16-тараумен толықтырылсын:

"16-тарау. Шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандартқа сәйкес сату үшін қолда бар қаржы активтерінің бухгалтерлік есебі

1-параграф. Сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

138. "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар" санатына сыныпталған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу кезінде (мәміле бойынша шығындарды қамтитын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) авансты брокерге аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

2) мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығындарды қамтитын сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері

Кт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

5) бұрынғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

6) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыс
Кт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы.
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы.
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кіріс.

139. Ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы есептелген кезде есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.

140. Борыштық бағалы қағаздың эмитенті төлем көзінен ұсталуы тиіс корпоративтік табыс салығы түріндегі шығысты есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7710	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс
Кт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы.

141. Ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизацияланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясы сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының амортизациясына байланысты шығыс
Кт	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) дисконт (жеңілдік) амортизациясы сомасына:

Дт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконттың амортизациясына байланысты кіріс.

142. Сыйақы есептелгеннен және сыйлықақы немесе дисконт амортизацияланғаннан кейін Нұсқаулықтың 139 және 141-тармақтарына сәйкес

ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының есептегі оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

143. Сату үшін қолда бар, құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасымен көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

валюталардың айырбастау бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
----	---------	--

	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы.
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс;

бірмезгілде, теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыс
Кт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

Борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету сомасына:

Дт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

валюталардың айырбастау бағамы азайған кезде теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыс
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы.
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

бірмезгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету сомасына:

Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету.

144. Эмитенттен сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) алынған сыйақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай каражат
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына:

Дт	3110 01	Төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы.

145. Сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды сату кезінде Нұсқаулықтың 139, 141 және 142-тармақтарына сәйкес сыйақы есептелгеннен, сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясынан және борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан кейін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері

Кт	1140 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы.
	2030 08	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 07	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері;

3) борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша жинақталған оң қайта бағалау сомасына:

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету;

4) борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша жинақталған теріс қайта бағалау сомасына:

Дт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету";
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері;

5) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
----	------	-------------------------------------

Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

6) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кіріс;

7) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыс
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері;

8) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кіріс сомасына:

Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	6150 05	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша кіріс;

9) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыс сомасына:

Дт	7470 11	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша шығыс
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв.

146. Эмитент сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды өтеу кезінде Нұсқаулықтың 139, 141 және 142-тармақтарына сәйкес сыйақы есептелгеннен,

сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясынан және борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан кейін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар эмитентінен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына:

Дт	3110 01	Төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

3) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кіріс сомасына:

Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	6150 05	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша кіріс;

4) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыс сомасына:

Дт	7470 11	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша шығыс
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв.

147. Әрбір есепті күнге сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздар құнсыздануының объективті белгілерінің болуы бағаланады. Олар құнсызданған жағдайда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсызданудан болған залал сомасы есептеледі және құнсызданудан болған шығындарды жабуға резервтер (провизиялар) құру (ұлғайту) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7440 04	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс
Кт	1290 27	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар);

сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша капитал шотында теріс қайта бағалау сомасы болған кезде бір мезгілде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв.

148. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген жағдайларда сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған шығындарды жабуға арналған резервтерді (провизияларды) азайту (жою) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1290 27	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)
Кт	6240 26	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоядан) түскен кіріс.

149. Сату үшін қолда бар қаржы активтерін баланстан құрылған резервтер (провизиялар) есебінен есептен шығару кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1290 27	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері.

150. Эмитент резервтер (провизиялар) есебінен баланстан тыс есептен шығарылған сату үшін қолда бар қаржы активтерін өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	6240 26	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс".

2-параграф. Сату үшін қолда бар сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды есепке алу

151. Сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздарды сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге аванс аудару кезінде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат;

2) мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, сатып алынған үлестік бағалы қағаздың таза құнына:

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) үлестік бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыс
Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері;

4) үлестік бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кіріс.

152. Сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздар бойынша тиесілі дивидендтерді есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
Кт	6120	Дивидендтер бойынша кіріс.

153. Үлестік бағалы қағаздар эмитенті төлем көзінен ұсталуы тиіс корпоративтік табыс салығы түріндегі шығысты есептеу кезінде Нұсқаулықтың 140-тармағына сәйкес бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады.

154. Сату үшін қолда бар сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

егер үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер үлестік бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының есептегі оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету

Кт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

155. Құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасымен көрсетілген сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздарды қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
